



19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

**ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ**

**ВЫБОРЫ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



Office on Drugs and Crime



WhatsOn

Fostering partnership
against organized crime

Home About us Contact us Tools and Guides User profile Register

THE REPUBLICAN PUBLIC ASSOCIATION "ZHANARU" IS HEADING THE CIVIL SOCIETY ANTI-CORRUPTION MOVEMENT IN KAZAKHSTAN

ЧЕСТНОСТЬ И СПРАВЕДЛИВОСТЬ

ЧЕСТНОСТЬ И СПРАВЕДЛИВОСТЬ

Новый год начался с подписания 3 января главой государства Касым-Жомартом Токаевым Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите».



дем комплекс мероприятий по повышению правовой грамотности молодежи и уровня доверия к правоохранительным органам. Целевыми группами данного проекта будут учащаяся, работающая и безработная молодежь в возрасте до 35 лет. Военнослужащие, сотрудники МВД РК, прокуратуры и других органов правопорядка. Государственные служащие, депутаты.

Для успешной реализации данного проекта имеются все интеллектуальные ресурсы и немалый опыт.

Для нас этот 2023 год является юбилейным. 10 лет назад, 3 декабря 2013 года было создано Республиканское общественное объединение общенационального движения против коррупции «ЖАҢАРУ», реализующее крупные проекты, поддерживающие политику Президента РК в борьбе с коррупцией. Его основатель государственный и общественный деятель Абдыкаримов Оралбай Абдыкаримович. За эти годы он сделал очень для предпринимательства и действенной борьбы с коррупцией, которая бушует в нашем обществе для нужд населения. Общественное объединение с тех пор и по сегодняшний день ведет активную борьбу на благо

народа, сотрудничая с государственными учреждениями, организациями, правоохранительными органами в целях противодействия коррупции-тема, которая не решается, стала серьезной эпидемией для общества. К сожалению, ни для кого не секрет, что этот недуг охватил все сферы государственной службы. В ходе большой работы по консолидированным вопросам и нерешенным проблемам, связанным с коррупцией, наша задача прежде всего-помогать населению в духовно-нравственном направлении, вести просветительскую работу, проводить разъяснительную работу между насе-

лением и властями, а также общественными организациями и негосударственными организациями. Мы провели много мероприятий в рамках социального проекта «проведение комплекса мероприятий по формированию антикоррупционного сознания у молодежи», сопоставляя с национальными ценностями, передаваемыми молодежи. Нами налажено взаимодействие с государственными органами и другими институтами гражданского общества, что предусмотрено положениями Антикоррупционной стратегии. В предстоящем и следующем году мы прове-

Проведенное в 2022 году РОО «ЖАҢАРУ» социологическое исследование выявило недостаточную степень информационной открытости государственных органов по критериям полноты, актуальности и доступности размещенной информации в СМИ, на веб-сайтах госорганов, а также уровень устойчивости антикоррупционных ценностей в молодежной среде (готовность внести личный вклад в снижение коррупции, предлагаемые меры по профилактике коррупции и формированию антикоррупционной культуры в обществе). Главной проблемой снижения уровня доверия молодежи к государственным органам является коррупция и закрытость

Біздің «Жаңару» «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» Республикалық қоғамдық бірлестігінің беделді мүшелері Мәжіліс пен маслихаттарда депутаттық орындарына үміткер болып отыр.

Өзбасым үміткерлер Ернур Азимбаев, Қабдолла Әлиев, Әліби Баяхов, Дайрабай Үсіпбаев, Плюснин Игорьге бағамды беріп, Сіздерді осы коррупциямен күресіп келе жатқан жігіттерге дауыс беруге шақырамын.

Оралбай АБДЫКАРИМОВ



Бәріміз қоғамымызды тазартып, жаңартып Жаңа Қазақстанды құру үшін күресейік!

АЗИМБАЕВ Ернур
округ № 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс депутатына кандидат

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БІРГЕ ЖЕҢЕМІЗ!

Шығу деректері:
Шығарған: «АТ РЕМБЕЛІ» ЖҚ
Баспаханасы: Астана қаласы
Тарихы: 4000 дана
Тыпшығы: Бірлес. Әзімбаев Е.
Республикалық бюджет қарамағы есебінен.
Астана қаласының әулеттік сабақу комиссиясының төлеуі

Визуальды дағды:
Исполнено: ИП «АТ РЕМБЕЛІ»
Металлографирование: Астана қаласы, 4000 шт.
Заказчик: Е. Азимбаев
Сделано: территориальной избирательной комиссии города Астана за счет средств республиканского бюджета

ӘЛИЕВ Қабдулла Хамитұлы

19 наурызда дауыс бер!
ГОЛОСУЙ 19 МАРТА

БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛШАҒЫ ҮШІН КҮРЕСЕМІЗ!

ҚАЗАҚ ЕЛІ ГҮЛДЕНСІН!
МЫ БОРЕМСЯ ЗА БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНА БЕЗ КОРРУПЦИИ!
ПУСТЬ ПРОЦВЕТАЕТ НАШ КАЗАХСТАН!

МЕМЛЕКЕТ ІРГЕСІН НЫҒАЙТАМЫЗ!
УКРЕПИМ ГОСУДАРСТВЕННОСТЬ!

19 НАУРЫЗДА ДАУЫС БЕР!
ГОЛОСУЙ 19 МАРТА

БАЯХОВ АЛИБИ НАУХАНОВИЧ

КАНДИДАТ В ДЕПУТАТЫ АКМОЛИНСКОГО ОБЛАСТНОГО МАСЛИХАТА ПО ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №3

ПЛУСНИН ИГОРЬ

НАУРЫЗ 19 МАРТА

БІЗ КЕМШІЛІКТЕРДІ АРТҒЫШЫЛЫҚТАРҒА АУЫСТЫРАМЫЗ!
МЕНЯЕМ МИНУСЫ НА ПЛЮСЫ!

19 НАУРЫЗ ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА

ДАЙРАБАЙ ҮСІПБАЕВ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ МАСЛИХАТ ДЕПУТАТЫҒЫНА КАНДИДАТ

МАНДАТ – МАНСАП ЕМЕС, ЖАУАПКЕРШІЛІК!

№4 САЙЛАУ ОКРУГІ 11, 16, 27, 28, 28-а, 29, 31, 31-а, 31-б, 31-в, 31-г, 31-д, 31-е, 31-ж, 31-з, 31-и, 31-к, 31-л, 31-м, 31-н, 31-о, 31-п, 31-р, 31-с, 31-т, 31-у, 31-ф, 31-х, 31-ц, 31-ч, 31-ш, 31-щ, 31-ы, 31-ь, 31-я

□ ПОДПИСАНО СОГЛАШЕНИЕ

ЖАСТАР АРАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Олар мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан бұл күресте ауқымды жұмыстар жүргізілуде. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданып, заң арқылы негізгі принциптерін анықтап, құқық бұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершіліктің артылуының түрлері анықталды.

Қазіргі уақытта індет әлеуметтік құбылыс ретінде әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде елімізде де тамырын жайып отыр, әлеуметтік экономикалық даму үрдісіне, рыноктық экономиканың құрылысына, инвестицияларды тартуға залалын келтіруде.

Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына да кері әсерін тигізуде, болашақтағы еліміздің дамуына үлкен қатер төндіруде. Ең бастысы, адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген, заң мен әділдікке деген, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні белгілі.

Жас буынға жемқорлықтың орасан зор салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу, ағарту шараларын қолға алу жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, олардың өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына көмектесуіміз керек. Бүгінгі заманда жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың таралуына: жастардың жұмыссыздығы, баспана мәселесі, елдегі әлеуметтік ахуалдың әлі де төмендігі, билік құрылымдарының жауапсыз іс-әрекеттері, осы саладағы тиісті заңнаманың өз деңгейінде орындалмауы, жастардың құқықтық санасы мен білімінің төмен болуы, жастардың өз-өзіне сенбеушілігі, жастардың санасына сыбайлас жемқорлық ұғымының дендеуі, қоғамда демократиялық дәстүрлердің сақталмауы, соғ жүйесіндегі әділетсіздіктер және тағы сол сияқты көптеген себептер әсер етеді. Әсіресе, жастардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне көз жұмып



қарауымен пара берушілікке бой алдыруы үрдіске айналғаны рас. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамыздың ортақ борышымыз болып табылады. Пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюға, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың халықаралық тәжірибесі мен барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Қазақта «дәніккен қарсақ құлағы мен ін қазады», «дәніккеннен – құныққан жаман» - деген аталы сөз бар. Сондықтан бұл қауіпті кесел екенін естен шығармайық!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті қалыптасқан адам жемқорлықтың қоғам мен мемлекет, әрбір адам үшін қаншалықты қауіпті екенін сезініп, жемқорлық құбылысына қарсы тұратын болады, яғни осындай келеңсіз көріністерге мүлдем төзе алмайды. Сөйтіп, осы дерттің жойылуына үлес қосуына алып келеді. Мұның өзі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің азаматтардың саяси белсенділігін көтеруге ықпал ететінін көрсетеді. Жастардың бойында осы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін бірқатар шарттар керек екендігі сөзсіз. Ол үшін, ең алдымен, жастар: сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса

қауіпті қоғамдық дерт деп тану, жемқорлық көріністерін анық ажырата білу, мемлекеттің түрлі салаларында жемқорлықтың алдын - алу, әр адамның пара беру және пара алуға қарсылығы, заңдардың орындалуына үлес қосуы қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің болуы әр адамның құқықтық сауаттылығына да байланысты, бұл біреуде төмен, біреуде жоғары болуы мүмкін.

Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін нығайтады, сөйтіп ол сыбайлас жемқорлыққа қатысты кез-келген құқық бұзушылыққа тойтарыс бере алатын дәрежеге жетеді. Бұл әрине, әрбір адамның азаматтық ұстанымына, өмірлік қағидаларына, тұлға ретіндегі қасиеттеріне байланысты қалыптасады. Мұнда өскелең ұрпақ-

тың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттағы құндылықтар негізінде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Өйткені, азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына бірден-бір ықпал ететін фактор.

Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сәйкесінше қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса еліміз дерттен арылып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес қосылар еді. Осыған орай, қазақстандық әрбір жас: ең алдымен, құқықтық сауатты мәдениетті, жемқорлық көрі-

ністерін ажырата білетін, «нөлдік» төзімділігі қалыптасқан, білімді, бәсекеге қабілетті болу керек азаматтық ұстанымы айқын тұлға болуы тиіс.

Күрмеуі шешілмей жатқан мәселелер бойынша жағдайды зерттеп, баспасөз конференцияларын, брифингтер ұйымдастыру, оны БАҚ-та жариялау, теледидар мен әлеуметтік желілерге шығару басты назарда болып келеді. 2022 жылдың сәуірінен бүгінгі таңға дейін жоба аясында 6 шеберлік класы, 14 жергілікті атқару органдарымен кездесу шаралары, 2 пікірталас алаңы ұйымдастырылып, аймақтарда 13 дәріс, 9 семинар-тренинг, 2 дөңгелек үстел, 3 бейнеролик, 2 әлеуметтік ролик өткізіліп, «ЖАҢАРУ» РҚБ-і сайтында атқарылған іс-шаралар бойынша Фейсбук, Ютуб, ВК, Инстаграм, Тикток желілерінде тұрақты түрде жарияланып келеді.

Сондай-ақ, студенттік жатақханалардың жағдайларымен және спорт нысандарының жұмы-

сымен танысып, жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында нақтылы жұмыстар жасалуда.

Алдағы уақытта да осы жұмыстар өңір филиалдарымен, халықпен тығыз қарым-қатынас жасау жолында тың ізденістер жасайтын болады. Ол өздеріңізге мәлім Білім және ғылым министрлігі арасында Меморандумға қол қойылды. ЖОО-да коррупцияға қарсы компания-службалар ашылып, олар студенттер арасында құқық мәдениетінің қалыптасуында. Сонымен бірге осы жұмысты тек оқу орындарында емес, барлық жастар арасында кенінен өткізу керек деп ойлаймыз. Өйткені коррупцияны жүйелі жұмыспен және ғылыми методологиялық негізі бар саясатпен ғана шектеуге, тосқауыл қоюға болады.

Қабдолла ӘЛИЕВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің аппарат бастышы



19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

2023 жылғы 19 наурыз
Астана қалалық мәслихаттарының депутаттарын сайлау бойынша
№3 округ

19 марта 2023 года
Выборы депутатов Астанинского городского маслихата округ
№3

Алиев Кабдулла Хамитович

Родился 3 июля 1963 года
в Карагандинской области

Гражданин
Республики Казахстан

Образование высшее

Зарегистрирован кандидатом в депутаты маслихата города Астаны по территориальному избирательному округу №3, Астанинский филиал НДПП «Ауыл»

Әлиев Кабдулла Хамитұлы

1963 жылы 3 шілдеде
Қарағанды облысында дүниеге келді

Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі жоғары

Астана қаласы мәслихатының депутаттығына №3 аумақтық сайлау округі бойынша «Ауыл» ХДПП Астана қаласы филиалы бойынша кандидат ретінде тіркелді



Алиев Кабдулла Хамитович

Родился 3 июля 1963 года
в Карагандинской области

Гражданин
Республики Казахстан

Образование высшее

Зарегистрирован кандидатом в депутаты маслихата города Астаны по территориальному избирательному округу №3, Астанинский филиал НДПП «Ауыл»



«Мұзарт тау алыстаған сайын биіктейді» деген қазақ халқының даналы сөзі бар. Жасына жас қосылып, уақыт атты асаудың жалынан тартып мінген ағаларымыздың аясында жүріп, кейде биіктігін байқамай қалып, күнін кеш бағалап жатамыз. Ең өкінішті де сол. Осы себепті, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі жауапты міндетті арқалаған азаматтардың арасында, өткен күн мен бүгінгі күннің аражігін ажыратып, аға буын өкілі ретінде салықалы ой айтар, салмақты ерлеріміздің бірі, асқар таудай арамизда жүріп,

куат беріп, сол куат-күшін, күдіретін бойымызға дарытып, тыныштық күзетінде, жем-қорлық пен қаржы саласында өмір бойы қызмет етіп келе жатқан Абай облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі Ернұр Мұсабайұлы Әзімбаев, не айтса да қалт айтпайтын дана халқымның «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» - деген ер намысын қайрайтын жігерлі сөзін байрақ етіп, елі үшін қызмет атқарып келеді. Еліне адал ерен үшін «Күрмет» орденімен марапатталған.

СӨЗІМЕ – АРЫМ, УӘДЕМЕ – ЖАНЫМ КЕПІЛ

Мен еңбек жолымды Абай облысы Абай ауданы Тоқтамыс ауылында Отан соғысының батыры Жанғазы Молдағалиев атындағы Орта мектепті бітірген соң, бір жылға сол кездегі заман талабына сай комсомол-жастар бригадасында өзімнің сыныптастарыммен бірге қой шаруашылығында жұмыс істеуден бастадым. Содан, келесі жылы 1983-1985 екі жыл Белоруссияның Гомель қаласындағы әскери бөлімде 6 айлық кәсіптік жылу жүйелері мен электр тоғын тасымалдау мамандығын оқып меңгердім де, қалған бір жарым жылымды Ресейдің Томск аймағындағы Итатко станцасының маңындағы қалың орман, тайгада жасырын орналасқан артиллерия әскери бөлімінде қаланың жылыту жүйесінде жұмыс атқардым. Әскерден келген соң көп ұзамай Абай ауданы Қарауыл селосында қатардағы милиционер болып жұмысқа тұрдым.

Біздің совхозда 60 мыңнан астам қой болды, жұмысшылар жетіспейтін, сол үшін бізді бала кезімизден жаз айларында қой қырку, мшөп шауып, жинап маялау, қойлардың бауырын селеуден газарту, қи ою, кірпіш құю сияқты көптеген жұмыстарға ақылы-ақысыз жұмыс істететін. Содан тапқан лапақамызға шешелеріміз мектепке киетін киімдерімізді сатып алып беретін. Ал, енді мектеп бітіргенде бір жыл қой бағу, яғни алдымызда бітірген бір жасы ілгері оқыған сыныптастардан шопан ата таяғын қабылдап алу міндеті тұратын. Мен “Еңбек -76” комсомол жастар бригадасында сыныптастарым Мағжан, Асқар марқұм, Мұратбек, қыздардан Дана болдық. Төрт мың қозыны бағып бордақыладық, еңбегіміз жанғаны сондай Қазақстан бойынша тоқтының салмағын Ет комбинатына 56 килодан тапсырып 2 жүлделі орынға ие болып, әк қайсымыз 2 мың сомнан сияқы алғанбыз. Жетекшіміз Ыбраһым аға жұбайы Сауле апайымыз өте еңбеккер. Және бізге қамқоршы адамдар еді, тракторист Қыдырбай ағамыз көңіл күйімізді әрқашан жоғары ұстайтын. Совхоздың директоры Әбдіғалым аға, Абай ауданының бірінші хатшысы Хафиз Матаев мен Семей облыстық Партия комитетінің бірінші хатшысы Құбашевты жетістігімізді көру үшін бригадала алып келген болатын. Қазіргі уақытта соның бірі қалмады деп айтуға болады, ауылға барсан бұрынғыдай қайнап жатқан тіршілікті байқай алмайсың. Мектепте ол кезде 500-дің үстінде бала оқитын, мәдениет үйінде кино, концерт, би айтуір өте көңілді болатын еді.

Ал әскери өмірді алсақ, жиі кесепаттар ол кезде де болатын еді. “Дедовщина” ұлтқа бөлініп біріне



бірі әлімжеттілік, жершілдік ол кезде де қатты болды. Кеңес заманы келмеске кеткенмен біздің тәуелсіз мемлекетіміздің әскери бөлімдерінде ондай жағдай өкінішке орай жиі кездесіп жатқанына қарағанда сол кездегі әскери қарым-қатынас жалғасын тауып жатқан іспетті. Әрнәрсенің жақсылығын алмай, неге жамаһын сақтап қаламыз деген ой мені де мазалайды.

Осы жасқа келіп, алдымнан шыққан талай асылардан сүрінбей өтсем, ол тек ұлы адамдардың кіндік қаны тамған қасиетті топырағым мен анамның ақ сүтін күдіреті және де жанымды аямай еңбек етіп, алдыңғы қатарлы әріптестерімнен дәріс алып, үйренуге лайықты бастықтарды пір тұтып өнеге алуымын деп білемін. Әр адамның өмірге жол сілттер, бағыт берер, қамқоршы болар ұстазы болары анық, ал сол ұлағатты адамдарға бас ие отырып, алғысымызды айтып өту сыйластықтың да, адамгершіліктің де зор белгісі. Мен, өзімді осындай дәрежеге жеткізген көптеген ұстаздарымның атын атап алғысымызды жолдағым келеді.

Басынан бастасақ, ең алғаш өз-өзім болып милиция табалдырығын аттап, азаматтық өмірімді милициялық мектепке ауыстырғанда, дұрыс жол көрсетіп тәрбиелік ықпал жасаған Тампишев Батай Өтешқалиұлы ағамыз болмағанда, мүмкін мен милицияға қалай келдім солай кетіп қалар ма едім. Өйткені жан жағын туған-туыс қоршаған өз ауылында милиция қызметкері болу, жаңа ғана милицияға орналасқан 20 жастағы жігіт үшін үлкен сын еді. Мен үшін осындай күрделі шақта милициялық өмірдің алдыңғы қадамдарын үйреткен, парасаттылығына ақылы сай ұстамды мінезді ағамнан тәрбие алып, 1986 жылы Қарағанды жоғарғы милиция мектебінің күндізгі оқу бөліміне оқуға түстім. Екі жыл әскер қатарында, бір жыл милицияда және қайтадан әскери өмірге, яғни казарманың тәртібіне түстім. Бұл жерде марқұм болған курс жетекшісі Сәрсенбаев Есенәлі Есенбайұлы ағамыз бізді өз тәрбиесіне алып, азаматтығың мен адалдығың таразыға түсер сын сағаттарда, сыннан сүрінбей өте-

тін «азаматтықтың зор мектебін» үйретіп, соны болашақ өмірінде кәдеге асыра алатындай етіп дайындады.

Үміткер Кеңес үкіметі әлсіреп, дағдарысқа түсіп, одақ ыдырауға бет алған кезде, яғни, 1989 жылы біздің үшінші курс, сегіз ай оқу орнына қатерлі жерлерде болуға тура келді. Танкі тасымалдайтын әскери ұшақпен бізді Армениядағы «Карабах» оқиғасына, одан кейін Әзбекстандағы «Ферғана» оқиғасына, одан кейін Манғыстаудағы «Жаңа өзен» оқиғасына қатыстырды, бұл жолдарда мен өз елімнің Кеңес Одағы үшін қандай дәрежеде тұрғанын, Мәскеудің бізге деген көз-қарасын әбден зергітеп зерделедім. Осындай оппозициялық ойымды курс-тас жолдастарыма айтқанда зәрелері ұшатын еді. Сөйте тұра мен компартияда төрт жылдық өтілім бар мүше едім. Бірақ, біздің қазақ халқына деген Мәскеудің көз-қарасы менің қанымды қайнататын. Ол көз-қарас Армениядағы «Карабах» оқиғасы мен Әзбекстандағы «Ферғана» оқиғасы кезінде келген Мәскеулік нұсқаулар мен қимыл әрекеттерді, «Жаңа өзен» оқиғасында бізге берілген нұсқаулар мен көтерілісті басу айла тәсілдерінің айырмашылықтарын салыстыру арқылы пайда болды. Менің бұл ойымды бүкіл қазақ балалары бөлісіп курс екі жікке бөліне бастағанда, бізді жедел Жаңа өзеннен алып кеткен болатын. Осы кезең мен үшін өзім-

нің қазағым деген жанашырлық тудырып, өмірлік ұстаныма айналып кетті.

Бұл орайда сөзге тиек етіп, Армениядағы «Карабах» оқиғасын айтуға болады. Бірде, өзімді қосқанда төрт курсант, бір жергілікті милиция қызметкері және автоматпен қаруланған екі сарбазы бар бір офицер Ереван қаласының Массис кентіндегі көше қиылысында коменданттық сағатты орнатып тұрған болатынбыз. Түнгі сағат 02-03 шамасында, сол кездегі әдет бойынша мемлекеттік нөмірі 00-01, 00-02 екі кара волга-24, яғни оның біреуі партия ұйымының бірінші хатшысының, келесісі екінші хатшысының машинасы еді, көшенің арғы бетінен бір, бергі бетінен бір шығып жүргенін байқап тоқтаттық. Өйткені «Коменданттық сағат» болғандықтан азаматтарға жергілікті уақыт бойынша кешкі 22:00-ден таңғы 04:00-ге дейін көшеге шығуға шектеу қойылатын. Тоқтатып, бірінші кара волганың жанына барғанда волганың ішінде бір бойжеткен қызбен қыдырып жүрген, мас коменданттың өзі отыр екен (Украинаның танкі дивизиясының командирі). Мен, ескерту жасап, коменданттың өзі болғаннан кейін босатып жібердім. Бірақ, бір сағат өтпей жанағы екі кара волга тағы да «коменданттық сағат» тәртібін бұзып, көше кезіп, әрі-бері жүре берді. Біз оларды қайта тоқтатқан, жүргізушілері дауыс көтеріп, «Біз коменданттың

тапсырмасымен жүрміз, сен не қылған адамсың!»-деп наразыланды. Мен оларды әкімшілік жазаға тарту мақсатында, құжаттарын қолыма түсіріп алу ойыммен алдаусыратып, «Сіздер шыныменен жүргізуші болсаңыздар құжаттарыңызды көрсетіңіздер» дедім. Олар маған құжаттарын беріп, құжат қолыма түскен кезде, қала комендантының кезекші бөліміне жүруін сұрадым. Бірақ олар менің қойған талабыма қарамас-тан, мені және машинаны қоршап тұрған жігіттерді таптап кете жаздап, жүріп кетті. Біз, сегізіміз түгел баянап жазып, материал жинақтап, кезекші комендантқа берген кезде ол жаңағы екі жүргізушіні үш тәулікке қамауға алуға шешім қабылдады. Осыдан кейін біз екі жүргізушіні ұстап, қамауға алу үшін, бағдар (ориентировка) бердік. Жарты сағат өтпей оларды тауып, коменданттың кезекші бөліміне апармақшы болған кезде, олар «Біз коменданттың жасырын тапсырмасымен жүрміз», «Алдымен комендантқа барайық, содан кейін еріктерің білсін» - деп болмай қойған соң, автоматпен қаруланған екі сарбазы бар офицерді ертіп курстасым Қайрат Рахимбаев марқұм екеуіміз екі кара волгамен комендант жатқан қонақ үйге келдік. Бірақ, бізді оның әскери күзеті кіргізбей, тек бір жүргізуші ішке кіріп кетті. Бір уақытта, екі жағында ағаш жәшік көтерген екі жігітпен мас күйінде комендант келді де, жаңағы

екі ағаш жәшікке салынған “Миша косалапи” сияқты қымбат кәмпитерді беріп жатып, осыған риза болыңдар да орындарыңа барыңдар, бұларға тиіспендер деді. Менің, «Сіздің бұл қылығыңыз партия мүшесінің іс-әрекетіне жат!» - деп, коммунист ретінде ескерту жасадым, Кеңес Одағы кезінде қызмет бабында бағынысты болсаңда коммунистік тәртіпке сай партия мүшелері бір-бірімен тең құқылы сөйлесуге құқылы болатын.

Мен 20 жасымда Кеңес Әскерінің қатарында жүріп коммунистік партия мүшесі болып алғанмын. Ол даурыға бастағанда, сабасына қызмет бабында бағынысты түсіру үшін, сол кезден атағы дүрілдеп тұрған Кеңес Одағының Орталық Коммунистік Партиясының Бас хатшысы М.С. Горбачевқа шағымдам деп қорқыттым. Бұл екі арада екі армян жігіттері «Сен комендантқа қарсы шығатын кімсің, өлгенінді білмей қалатын боларсың» деп мені неше түрлі сөздермен қорқытып, жағамнан ала бастады. Мен қолымдағы резеңке сойылмен (дубинка) біреуін ұрып жібердім де, екіншіні итеріп тастадым, осы кезде бізбен келген сарбаздар қолындағы автоматтарымен армяндарды ата-тын секілді оқтықтарын тартып-тартып кездеп тұра қалды. Бұны көрген коменданттың зәресі ұшып, мас-тығынан айығып кетті. Сөйтіп қарсыласқан топтың буын басып, бәрін машинаға отырғызып, бірінші машинаның рөліне өзім отырдым да, екінші маши-

**ПОБЕДИМ
КОРРУПЦИЮ
ВМЕСТЕ!**

Кандидат в депутаты
Мажиліса Парламента
Республики Казахстан



**АЗИМБАЕВ
Ернур**



БАЯХОВ АЛИБИ НАУХАНОВИЧ



19 НАУРЫЗДА ДАУЫС БЕР

ГОЛОСУЙ 19 МАРТА

МЕМЛЕКЕТ ІРГЕСІН НЫҒАЙТАМЫЗ!

УКРЕПИМ ГОСУДАРСТВЕННОСТЬ!



Басып шығарушы: Рекламалық агентствo «РекКом»
Бастапқы мекен жайы: Орал қ., Чапаев көшесі, 26А.
Таралымы: Т.дана.
Таласарыс берілді: Мәслихат депутатына кандидат А.Н.Баяхов.
Мәслихат депутатына кандидат А.Н.Баяховтың сайлау қоры қаражатынан төленді.

БАСТЫ МАҚСАТЫМ – САЙЛАУШЫЛАРЫМНЫҢ СЕНІМІН АҚТАУ!

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы Зашаған кенті 8 сайлау округі бойынша бір мандатты Батыс Қазақстан облыстық мақсаттық жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ Батыс Қазақстан филиалы басшысының орынбасары Баяхов Әлиби Науханұлы, 1965 жылы 19 мамырда Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Қалмыково ауылында дүниеге келген.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің түлегі, мамандығы зооинженер және заңгер. Ауылшаруашылық ғылымдарының докторы (2008ж.), Ресей Жаратылыстану ғылым академиясының академигі (2018ж.), Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі (2022ж.). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің "ҚР жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2017" Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялар жүйелер университетінің ректоры, "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін", "Ы.Алтынсарин" төс белгілерімен, "Қазақстан Республикасында инженерлік істі дамытудағы еңбегі үшін", «А.Байтұрсыннов» атындағы Алтын медалдарымен және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталды. Саяси додаға қатынасудағы мақсатыңыз?

Сайлау заңының ашықтық, жариялық қағидаларын ескере отырып, қазақтың бес арысының бірі Міржақып Дулатұлы: Алыстан "Алаш" десе, аттанамын, Қазақты қазақ десе, мақтанамын. Болғанда әкем-қа-

зақ, шешем - қазақ, Мен неге қазақтықтан сақтанамын, - дегендей, елімнің ертеңін, тағдырын айқындайтын сын сағатта үн қоспасаң қашан қосамын деген оймен сайлауға бел будым. Егер сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады деген ұғым тағы бар. Бәрі өмірден, тарихтан алынған жайлар ғой...

Сайлаудағы басты мақсатым - еліміздегі саяси тұрақтылық пен ұлттаралық келісімді одан әрі нығайту, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүзеге асырылуына және азаматтардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі, адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына үлес қосу. Қысқаша өзіңіз туралы айтып кетсеңіз, ғылымға қалай келдіңіз?

Тарихқа көз жүгіртсек, екінші курстан кейін 1984-1986 жж. Отан алдындағы әскери борышымды өтедім, білім мен ғылымды өндіріске енгізіп, тәжірибе жинақтадым. Қатардағы ғылыми қызметкерден доцент, кафедра меңгерушісі, ғылыми-зерттеу зертханасының директоры, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор қызметтерін атқардым. Түсініген адамға білім мен ғылымның күдіреті осы, сондықтан бүгінгі жастарды кездескен қиындықтарды жеңуге, болашаққа адал еңбектенуге, білім алуға шақырамын. Себебі байлық, мансап келіп кетеді, ал білім өзінмен бірге жер бесікке дейін жетеді, сатпайды, сатылмайды.

Селекция және биотехнология саласындағы ғылыми жетістіктерімізді 019 "Инновациялық технологияларды өндіріске енгізу" бағдарламасы бойынша Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда облыстарының шаруашылықтарына енгізілді, асылтұқымды мал

шаруашылықтарын қалыптастыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға жұмсадым, өндіріске араластым. Ақжайық етті-жүнді кроссбред қой тұқымының типі мен іздерінің авторымын.

2017 жылы Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің ғалымдарымен бірлесе отырып, ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесіне қатынастық және "Архимед-2018" Халықаралық ғылыми жобалар сайысында көрменің Алтын және Күміс медалдарына ие болдық.

Бүгінде Қазақстан инновациялық және телекоммуникация жүйелер университеті Халықаралық аккредиттеу және аттестаттау сынақтарынан сәтті өтіп, еліміздегі белді оқу орындарының біріне айналды.

Сайлауалды бағдарламаңызға тоқталсаңыз, қандай бағыттарды қамтиды?

Біріншіден, облыс тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына, шағын және орта бизнес өкілдерін қолдау, сонымен бірге көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, балалар үйіне қайырылымдылық көмек көрсету шаралары басты назарымда.

Екіншіден, көпшілікті толғандырып жүрген – азық-түлік қауіпсіздігі, жер, су және киік мәселелерін шешуге үлес қосу;

Үшіншіден, ұлттық "Жайлы мектеп" бағдарламасы аясында Зашаған кентіндегі 3 ауысымды мектептердің проблемасын шешу, денсаулық сақтау, жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресу, ұстаздар және студенттердің әлеуметтік, ғылыми мүмкіндіктерін арттыру, экология және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге ат

салысу - бағдарламаның негізі болып саналады.

Бүгінде Зашаған кентінде тұрып жатқан тұрғындар, сонымен бірге университетте білім алып жатқан негізінен жастар - түп-тамырын ауылдан бастайды. Біз үшін кіндік қанымыз тамған ауыл - Алтын бесігіміз!

Ауылдан адам көшкелімен, адамнан ауыл көшпелімен, дегендей, Сіздердің ауылдан бала болып аттанып, орталарыңызға Азамат болып оралған жерлестерін қолдайды деп сенемін.

Себебі осы жердің тұрғылықты тұрғыны ретінде шемімін таппаған, қордаланған мәселелердің барлығы да жаныма таныс. Аз сөйлеп, көп іс тындыратын уақыт жетті, бірлесіп еңбектенейік. Біздің күшіміз - бірлікте!

Сайлаушыларыңызға айтар тілегіңіз қандай болмақ?

Ұлт ұстазы А.Байтұрсыннов: "Басқалардан кем болмас үшін, біз білімді, бай және күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек" - деген болатын. Сондықтан да бүгінгідей сындарлы кезеңде ұлтты ұйытатын ортақ құндылықтар: бірлік, отаншылдық, ұлттық тәрбие, білім, ғылым және адал еңбектің берері мол деп санаймын.

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі білім мен ғылымды меңгерген, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қасиеттерді бойына сіңірген ұрпақпен анықталады. Жастарды білім мен ғылымға, еңбектенуге және ұлттық құндылықтарымызды сақтауға шақырамын.

Мен жерлестеріме сенемін, жақсылығы мол, шуақты күндеріміз көп болсын, халқымыз аман, еліміз тыныш болсын!

Басымыздан бақ таймасын, бейбіт өміріміз, Тәуелсіздігіміз баянды болсын, ағайын!

СӨЗІМЕ – АРЫМ, УӘДЕМЕ – ЖАНЫМ КЕПІЛ

наға Рахимбаев Кайрат отырып, бәрін коменданттық бөлімге ұстап алып келдік.

Комендант өзін мас күйінде қол астындағы бағынысты адамдарға алып келгендіктерімізге қатты қорланды. Біздің комбаттымыз, полковник Шоқаев пен рота командирі Хватковты шақырып, баянаттарымызды қайтып алуға жалынды. Мен бұған көнбей, екі жүргізушіге кезекші комендант берген «үш тәулік қамауға алу туралы шешім аз-деп он бес күнге дейін ұзартып, коменданттың жұмыстан өз еркімен кетуін талап еттім. Арты үлкен айқай-шуға айналды. Екі үлкен бастықтың жүргізушілері болғандықтан оларды жергілікті милиция бастығы қамауға алмай қойды. «Жеткізілгендерді есепке алу кітабына» жазбай қатты састы. Біз таң атқанша жүріп, эзер дегенде екі жүргізушіні уақытша ұстау камерасына тапсырғанша таң атып қалған еді. Енді таңертеңгі асымызды ішіп келе жатсақ жаңағы екі жүргізуші түк болмағандай өз машиналарымен көшеде жүр екен. Бұл оқиғаны партия жиналысында көтеріп талқылап, екі взвод бірдей түскі астан бас тартып, курста толқулар басталып кетті. Содан кейін, Қарағанды жоғары милиция мектебін бастығы, генерал Алексин өзі ұшып келіп, бізді төменгі курс келіп ауыстырғанша шыдай тұруды сұрай бастады. Ақырында басқа комендант келді.

Бірер күннен кейін тез арада мені тағы қасымдағы жақтастарымды Қарағандыға самолетке ақша беріп өз күшімізбен қайтарып жіберді. Кейін мемлекеттік емтиханда маған бізбен бірге болған ұстаздар, «Біз Армениядан осы Ернұрдың арқасында өз уақытында қайтып» - деп ризалық білдіріп, мемлекеттік емтихандан қинамай өткізген болатын. Осы көрсеткен белсенділігіміз үшін Армения Ішкі істер министрі маған «Милиция үздігі» төс белгісін берді. Қарағанды милиция мектебінде оқып жүрген кездегі еске аларлық тағы бір-екі оқиғаларды айтып кетейін, 1988 жылы біздің курс Жамбыл қаласында бір айлық практикалық сабақ өтіп жатқан болатын, бірде біздің өзіміз ұстаған «қалаға түскіш» ұрыны, қамау изоляторында қасық жұтып қойған себепті ауруханаға алып келдік. Дәргерлік көмек екінші тәулікке қалған соң бір-бірімізді ауыстырып оны күзетіп жүргенде біздің бір курстас жігіт жаңағы ұрыны қолына жұптап кісендеп, бірге ұйықтап кетіпті, ояна ұры жоқ. Сөйтсе ұры күзетшінің ұйықтағанын тосып жатса керек кісенді шешіп, аурухананың киімімен қашып кеткен. Біз бүкіл курс намысқа тырысып жаңағы ұрыны іздеуге кірістік оның мойнында он үштен аса ұрлық болған, өте егіп орыс жігіті еді. Бір жұма дегенде қайтадан ұстадық. Сол кезде ұйықтап қалған жігіттің ұялғанын көрсеніз. Сол кезде жауапкершіліктің не екенін бүкіл жан дүниенмен түсінесің. Тағы бір, мысал айтайын өйткені, күнделікті өмірдің өзі мұғалім, тек дұрыс көзбен көріп, мағыналы түсінік алуды қажет. Сол Таразда жүргенімде менің жетекшім Нәйет деген азамат капитан болатын, үш аяқты мотоцикльмен жүреді. Бір күні штаттан тыс бір көмекшісімен мені ертіп түнгі сағат үш-төрт шамасында бір үйге

келді де, аса қауіпті қылмыскерді ұстайтындығымызды айтып, сақ болуымызды ескертті. Ол екінші қабатқа жалғыз өзі көтерілді де, екеуімізді балконның астына қойып кетті. Бірер уақыттан кейін Нәйет есікті қаққанда қылмыскер балкон арқылы қашпақ болса керек, денесінде тек іш киімі ғана бар, бұлшық еттері ойнаған, өте шымыр денелі жігіт балконнан жеп жеңіл топ етіп жерге секіріп түсті. Біз екеуіміз жаңағыны қолтықтап алып жерге етпетінен жықтық. Бірақ қылмыскер өте мықты екен бізді жерден оп-оңай көтеріп әкетті. Менің зәрем ұшты, қорыққаннан емес әрине, айырылып қалып масқара боламын деген оймен. Арпалысып жатқанда Нәйет көмекке келіп үшеуіміз жабылып эзер дегенде қолына кісен салып, орталық АІБ-не алып келдік. Таңертеңінде Тараз қаласының Орталық АІБ бастығы үшеуімізді шақырып мақтап, марапаттауға бұйрық дайындауға тапсырма беріп жатқанда кезекші кіріп келді, сөйтсек жаңағы қылмыскер дәретханаға сұранып шыққанда маңайының бәрін жайпап АІБ-нің ішіндегі торлы ауладан қашып кетіпті. Бастықтың айтуынша оның мойнында бірнеше кісі өлтіру, тонау сияқты ауыр қылмыстар болған көрінеді. Бұл оқиғадан менің түйгенім қылмыскермен қай жерде болса да өте сақ болу еді және өз күш қабілетінді мейлінше арттыру болатын.

Қарағанды жоғарғы милиция мектебін тәмамдап, ең алғаш Жаңа-Семей аудандық ІІБ-нің профилактикалық инспекторы қызметіне тағайындалдым. Бұл кезде мені өз қамқорлығына алып тәрбиелеп, жол көрсеткен ұстазым Мұхтаров Тұрсынбек Бахтиярұлы еді. Аудан көлемінде он төрт учаскелік инспектор болса, соларға басшылық жасауды тапсырып, ең алғаш ұжыммен жұмыс істеудің тәсілдерін үйретті.

Содан кейін, Семей қаласына іргелес «Тепличный» совхозы мен «Тауық фабрикасы» орналасқан Ақ қайың ауылының учаскелік инспекторы болып ауыстым. Мен өз басым, ҚЖММ-ін жедел іздестіру мамандығында бітіргендіктен өз учаскемде бітірген қылмыстарды болдырмауға, алдын-алуға, егерде қылмыс жасалса оның сезіктілерін жедел түрде табуға тырысатынымын. Бірде Семей облыстық қылмыстық істерді іздестіру басқармасының бастығы полиция полковнигі Звягин Александр Иванович шақыртып, Барсаян Мәскеуден келген екі полковник отыр екен, А.И. Звягин «Маған, мына кісілер сенің учаскенде тұратын аса қауіпті қылмыскерді іздеп келіп отыр. Ол бірнеше рет кісі өлтірген, кешеден бері ол адам тұратын үй торуылға алынды. Сен біздің жедел топқа көмек жаса» - деді. Мен, бірден «Сіз іздеп жүрген адамды қазір-ақ ұстап беремін» - дегенде, ол таңқалып «қалай?» - деді. Ал, одан үш күн бұрын маған жаңағы іздеудегі адамның өгей әкесі кездесіп, «Ернұр менің Мәскеуден өгей балам, әскерден қашып үйге келді, неге екенін білмеймін өте қатты бұзылған, түрі қорқынышты» - дегенде мен оны ұстап алып, әскери комиссариатқа тапсырмақ болғанмын, бірақ өгей әкесіне деген сезік болмау үшін



19 наурыз 2023 жыл

19 марта 2023 года

№3 САЙЛАУ ОКРУГИ БОЙЫНША АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ
КАНДИДАТ В ДЕПУТАТЫ АҚМОЛИНСКОГО ОБЛАСТНОГО МАСЛИХАТА ПО ИЗБИРАТЕЛЬНОМУ ОКРУГУ №3

ПЛЮСНИН ИГОРЬ ГЕННАДЬЕВИЧ

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА:

- ▶ әкімдердің уәде картасын жасау
- ▶ мемлекеттік тұрғын үй және жер қорын түгендеу және оны Көкшетау қаласының мұқтаж тұрғындары арасында әділ бөлу
- ▶ аэроғарыштық түсірілім жолымен зерттелген Көкшетау қаласының аумағы мен маңындағы барлық стихиялық қоқыс үйінділерінің жойылуына бақылау жүргізу
- ▶ артезиан ұңғымаларының құрылымын салу арқылы қала тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету
- ▶ инженерлік жылу және сумен жабдықтау желілерін жөндеуді қамтамасыз ету
- ▶ Көкшетау қаласының мектептеріне қала құраушы кәсіпорындарға қамқорлық жасау бағдарламасын енгізу
- ▶ азаматтық қоғамды бұқаралық спортпен айналысуға тарту
- ▶ заңнамада белгіленген мемлекеттік кепілдіктерді (азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін) іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік аппараттың азаматтық қоғаммен тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау.



+7 777 588 44 77

Игорь Плюснин

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА

- ▶ создание карты обещаний акимов
- ▶ инвентаризация государственного жилого и земельного фонда, и его справедливое распределение среди нуждающихся жителей города Кокшетау
- ▶ проведение контроля за устранением всех стихийных свалок на территории и окрестностях города Кокшетау, исследованных путем аэрокосмической съемки
- ▶ обеспечение горожан чистой питьевой водой через строительство структуры артезианских скважин.
- ▶ обеспечение ремонта инженерных сетей тепло- и водоснабжения
- ▶ внедрение программы шефствования школ города Кокшетау градообразующими предприятиями
- ▶ вовлечение гражданского общества в занятие массовым спортом на безвозмездной основе
- ▶ принятие мер по организации эффективного взаимодействия госаппарата с гражданской общественностью по обеспечению реализации государственных гарантий (прав и законных интересов граждан), установленных законодательством.



**Біз кемшіліктерді артықшылықтарға ауыстырамыз!
Меняем минусы на плюсы!**

«Көкше-Полиграфия» АҚ-да дайындалды. Баспа шығару орны: Ақмола облысы, Кокшетау қаласы, Дулатбеков к-сі, 98. Тапсырыс №281. Тиражы 500 дана. Тапсырыс беруші: И.Г. Плюснин. Республикалық бюджеттік қаражаттары есебінен тегінді.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Азаматтардың өртүрлі санаттарымен жұмыс істеудің, шешімдер қабылдаудың және оларға өңірлік деңгейде ықпал етудің белгілі бір білімі мен практикалық тәжірибем бар. Айналымызда болып жатқан жағдайға бей-жай қарамайтын адам бола отырып, мен өзімдегі батылдық, күш пен жемісті жұмыс істеу мүмкіндігін сезінемін. Сіздердің назарларыңызға, сайлауалды бағдарламаның тармақтарын ұсынамын, сонымен қатар сайлаушылардың тілектерін, толғандыратын сұрақтары мен ұсыныстарын назарға алуға міндеттенемін.

- ▶ әкімдердің уәде картасын жасау
- ▶ мемлекеттік тұрғын үй және жер қорын түгендеу және оны Көкшетау қаласының мұқтаж тұрғындары арасында әділ бөлу
- ▶ аэроғарыштық түсірілім жолымен зерттелген Көкшетау қаласының аумағы мен маңындағы барлық стихиялық қоқыс үйінділерінің жойылуына бақылау жүргізу
- ▶ артезиан ұңғымаларының құрылымын салу арқылы қала тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету
- ▶ инженерлік жылу және сумен жабдықтау желілерін жөндеуді қамтамасыз ету
- ▶ Көкшетау қаласының мектептеріне қала құраушы кәсіпорындарға қамқорлық жасау бағдарламасын енгізу
- ▶ азаматтық қоғамды бұқаралық спортпен айналысуға тарту
- ▶ заңнамада белгіленген мемлекеттік кепілдіктерді (азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін) іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік аппараттың азаматтық қоғаммен тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау.

Менің міндетім – бюджет қаражатын бөлудің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» төзімділік атмосферасын құруға және оның деңгейін төмендетуге ықпал ету, сондай-ақ халқымыздың бірлігі мен біртұтастығын нығайту.

**БІЗ КЕМШІЛІКТЕРДІ
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРҒА
АУЫСТЫРАМЫЗ!
МЕНЯЕМ МИНУСЫ
НА ПЛЮСЫ!**

Моя задача – обеспечить прозрачность и эффективность распределения бюджетных средств, способствовать созданию атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции и снижению ее уровня, а также стремиться к укреплению единства и сплоченности нашего народа.

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Имею определенные знания и практический опыт работы с различными категориями граждан, принятия решений и влияния на них на региональном уровне. Будучи человеком неравнодушным ко всему происходящему, чувствую в себе смелость, силы и возможности для плодотворной работы. Предлагаю вашему вниманию пункты предвыборной программы, кроме того, обязуюсь принять к сведению пожелания, волнующие вопросы и предложения избирателей.

- ▶ создание карты обещаний акимов
- ▶ инвентаризация государственного жилого и земельного фонда, и его справедливое распределение среди нуждающихся жителей города Кокшетау
- ▶ провести контроль за устранением всех стихийных свалок на территории и окрестностях города Кокшетау, исследованных путем аэрокосмической съемки
- ▶ обеспечение горожан чистой питьевой водой через строительство структуры артезианских скважин
- ▶ обеспечение ремонта инженерных сетей тепло- и водоснабжения
- ▶ внедрение программы шефствования школ города Кокшетау градообразующими предприятиями
- ▶ вовлечение гражданского общества в занятие массовым спортом на безвозмездной основе
- ▶ принятие мер по организации эффективного взаимодействия госаппарата с гражданской общественностью по обеспечению реализации государственных гарантий (прав и законных интересов граждан), установленных законодательством.

Усипбаев Дайрабай Мамашович родился 4 апреля 1963 года.
В 1985 году окончил Жамбылский технологический институт легкой и пищевой промышленности пртпрофессии «инженер-экономист»,
В 2000 году окончил Университет «Кайнар» по специальности «Юриспруденция».
Кандидат экономических наук.

В 1985-86 годах проходил военную службу в г. Комсомольске-на-Амуре Хабаровского края.
В 1987-88 годах был экономистом исполкома Жамбылского областного совета.
В 1988-1995 годах работал экономистом, главным инженером, директором Ералиевского районного комбината бытового обслуживания Мангистауской области.
В 1990-1994 годах избирался депутатом Ералиевского сельского совета.
В 1995-2000 годах – Частный предприниматель.
В 2000-2007 годах был директором Мангистауского филиала РГП «Алтын әскер».
С 2007 года является директором фонда «Казимпәкс-Ақтау».
В 2009-2013 годах лектор кафедры менеджмента Университета Ш. Есенова.
В 2014-2017 годах был председателем государственной аттестационной комиссии при менеджменте
С 2018 года является директором Мангистауского областного отделения республиканского общественного объединения «Общенациональное движение против коррупции «Жаңару».
2018-2019 Заместитель начальника Специальной мониторинговой группы
С 2019 года руководитель проектного офиса «Маңғыстау-Адалдық алаңы».
С 2019 года входит в состав председателя областного общественного совета.
С 2022 года председатель комиссии общественного совета по «Противодействию коррупции, правопорядку и работе с органами государственного управления».
В 2020-2022 годах внештатный советником акима Мангистауской области по вопросам противодействия коррупции.
С 2021 года председатель Совета «Народный контроль» при Национальном центре качества дорожных активов в Мангистауской области.

19
МАРТА

СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР

ДАЙРАБАЙ УСИПБАЕВ

КАНДИДАТ В ДЕПУТАТЫ
МАНГИСТАУСКОГО
ОБЛАСТНОГО МАСЛИХАТА



МИР БЕЗ
КОРРУПЦИИ



ОКРУГ N4
САМОВЫДВИЖЕНИЕ

11, 16, 27, 28, 28-а, 29, 31, 31-а,
31-б, Толкын-1, Толкын-2 мкр.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Мешкей деген жақсы ат емес...

Ата-бабамыздан сөз артылған ба? Осы бір мешкейлік жайлы сөзі бүгінгінің жемқорларына қарата айтылғандай.

Иә, сыбайлас жемқорлық күннен күнге көбеймесе азаяр емес.

Жемқорлық – кез келген мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын індет. Сондықтан оны тоқтатпайынша мемлекетте өсіп-өркендеу болмайды. Мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығына қатер төндіретін сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңыздылығы өте жоғары.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік қызметті жеке пайдасы үшін заңсыз пайдалану болып есептеледі. Жемқорлықпен күрес науқандық шара емес және тек құзырлы мекемелердің немесе билік органдарының ғана міндетіне жатпайды. Білімді, мәдениетті, әрі бәсекелестікке қабілетті ұлт қалыптастыру үшін елде орын алып отырған жемқорлықпен бүкіл халық болып күресу керек.

Сыбайлас жемқорлықты әркім әрқалай пайымдауы мүмкін. Жасыратыны жоқ, біреулер жемқорлыққа жүйені кінәласа, біреулер жоқтықты себеп еткісі келеді. Жоқ, менің ойымша, жемқорлық — дерт! Өйткені, біреу мұндай әрекетке тоңғанынан барса, біреу тойғанынан барады... Бір адамның ашкөздігінен жасалған теріс қадам бүкіл мемлекеттің экономикасының кері кетуіне әсер етіп

жатады. Міне, өзінің қалтасын ғана ойлап қарапайым халықтың несібісінен қағатындар-нағыз рухани дертке душар болғандар дер едім...

Сыбайлас жемқорлық қазақ қоғамында бұрын да болған. Қолда барда қоныштыңан бас, ебін тапқан екі асайды деген сөздер осындайдан қалса керек. Ол замандарда би-шешендер қазына қаржысын жымқырғандарды "тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ" деген сияқты қанатты сөздермен әділ шешім қабылдап отырған.

Ал, қазіргі қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күрес жаңа форматта жүргізіліп келеді. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң бар, Президент жарлығы бар, түрлі бағдарламалар қабылданды. Дегенмен, қанша жерден заң қатал, жаза күшті болса да жемқорлықты жою мүмкін болмай отыр. Сондықтан бұл індетпен ел болып, халық болып күресу керектігін уақыт өзі дәлелдеп келеді. Соңғы уақыттарда құрылған сыбайлас жемқорлықтың алдын алумен айналысатын қоғамдық институттардың жұмысы жылдан жылға оң нәтиже беруде.

Сондай-ақ, қоғам белсенділерінің де ой пікірі, насихат жұмыстары халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда ролі зор. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы аз-кем тоқтала кетейін. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбай-

лас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлыққа өзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың феномені болып табылады.

Халықтың құқықтық сауатын арттыруда, қандай да бір кедергіге тап болғанда қайда хабарласып, қайда арыздану керектігін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарын түсіндіруде, Консти-

туциялық тәртіпті қорғауда, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізуде, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайтуда қоғамдық ұйымдар мен қоғам белсенділері нәтижелі жұмыс істеп жүр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, алдын алу бағыттары бойынша құрылған қоғамдық ұйымдардың, соның ішінде «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі сыбайлас жемқорлықтың, соның ішінде тұрмыстық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуда, оған қарсы мәдениетті қалыптастыруда жүйелі жұмыс істеп, мейлінше өз үлесін қосып келеді.

«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облысы бойынша филиалы атқарған жұмысына біршама тоқталар болсам, қоғамдық бірлестік мүшелері тарапынан жыл басынан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 64 рет кездесу өткізілсе, әртүрлі мәселе бойынша 40-тан астам мониторинг жүргізіліп, 5 азаматтан арыз-шағым келіп түсті.

Осы арыз-шағымдармен зерделеу жұмыстарының негізінде №34 болашақ бөбекжайына ротация бойынша ауысқан директордың бұрынғы жұмыс орны-

нан өз қызметкерлерін өзімен бірге алып келгені анықталып, нәтижесінде балабақша есепшісі, іс жүргізуші, асхана көмекшісі, тәрбиешілер жұмыстан босатылып, балабақша директорына еңбек міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін, тәртіптік жаза ретінде сөгіс берілді.

Оқушылар орталығының бұрынғы директорының бірнеше мұғалімдерге артық сағат жазғандығы, жұмыста жоқ адамдарға табель қойғандығы анықталып, нәтижесінде комиссия шешімімен бір күзетші жұмыстан шығарылып, мұғалімдерге жазылған артық сағаттың ақшасы мемлекеттік бюджетке қайтарылуда шешім қабылданды. Әрі қарай қаржылық тексеру жүргізу үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне хат жолданды.

Ақтау қаласындағы көпбейінді аурухананың нейрохирургия бөлімінде дәрігер-резидент ретінде тәжірибеден өтіп жүрген М.Оспанов атындағы медициналық университетінің 4 курс студенті Д-есімді азамат пациенттің туысынан «операцияға көмектесемін» деп 50 мың теңге ақша алғандығы анықталып, нәтижесінде арызданушыға ақшасы қайтарылып, университетке студенттің сыбайлас жемқорлыққа жол бергендігі туралы хат жолданып, ауруханадан тәжірибеден өтуі тоқтатылды.

«ЖАҢАРУ» сыбайлас

жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облысы бойынша филиалы барлығы 35 конурстық комиссиялар мен жұмыс топтарына сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін болдырмау үшін және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында бақылаушы ретінде қатысты.

Бүгінгі таңда филиал жанынан «Жас қыран» жастар клубы құрылып, өз жұмысын бастап кетті.

Сөзіміздің соңында Ұлы Мұқтардың "Ел боламын десең бесіңді түзе" дейтін ойлы сөзін негізге ала отырып, ең алдымен ұрпақ тәрбиесіне ерекше жауапкершілікпен қарауға шақырамын. "Отан отбасынан басталады демекші, әрқайсымыз өз бойымызды жемқорлық дейтін жаман әдеттен аулақ ұстап, жақындарымыздың, бала-шағамыздың санасына сәуле құятын жарқын істерімізбен үлгі болайық. Сыбайлас жемқорлықтың біздің қоғамнан, біздің өмірімізден түбегейлі жойылуына бәріміз бірге атсалысайық!

Дайрабай УСИПБАЕВ,
«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облысы бойынша филиалының директоры Экономика ғылымдарының кандидаты.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ 25 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ

23 АҚПАН 2023 19:00
Жамбыл Жабаев ат. Үлкен зал
(Тәуелсіздік д., 50)

СӘКЕН

ОПЕРАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕРАСЫ

(КОНЦЕРТТІК ҚОЙЫЛЫМ)

МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН - ӘЛІБИ ӘБДИНУРОВ
ЛИБРЕТТОСЫН ЖАЗҒАН - ҚАНАТ ЖҮНИСОВ
ДИРИЖЕР - АЙДАР ТОРЫБАЕВ

ҚАТЫСУШЫЛАР:
ҚазҰУ студенттік симфониялық оркестр
көркемдік жетекшісі - Айдар Торыбаев
студенттік хор капелласы
көркемдік жетекші және дирижер - Батыржан Смаков
хормейстер - Марина Бухвалова
концертмейстер - Дана Ившина

Астана Келем деушілерге есік ашық



Қазақ ұлттық өнер университетінің 25 жылдығы аясында «Сәкен» операсы концерттік нұсқасының премьерасы өтті. Көрнекті мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, драматург, композитор Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен қызметі, шығармашылығы туралы сыр шертетін туынды либреттосының авторы – Қанат Жүнісов, музыкасын жазған – Әліби Әбдінұров.

«Сәкен» операсы С.Сейфуллин атындағы қоғамдық қордың қолдауымен жазылды. Опера өнер университетінің шығармашылық ұжымдарының күшімен қойылды, студенттік симфониялық оркестр (көркемдік жетекшісі – Айдар Торыбаев), студенттік хор капелласы (көркемдік жетекшісі және дирижері – Батыржан Смаков), хормейстер Марина Бухвалова, концертмейстер Дана Ившина. Опера Сәкен тұлғасы арқылы қазақтың қасиретті тарихы мен сәулелі күндері қамтылған. Туындыда ұлттың мұңы мен шері, қуанышы қатар өрбіп отырады. Атап айтқанда, қазақтарды әскерге алу туралы патша жарлығы шыққанда елдің толқуы, ашаршылық, 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндігіндегі ұлттық өнердің жеңісі, саяси қуғын-сүргін секілді тарихтың өшпес парақтары көріністері тапқан. Опера Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау», «Тау ішінде», «Жас қазақ марсельезасы», «Сыр сандық» әндері орындалды. Үкілі Ыбырай, Ақан сері секілді халық композиторлардың туынды-

лары пайдаланылған. Сәкен Сейфуллинді Айбек Әбдіәшімұлы, оның жары Гүлбаһрамды Нұржайнар Әбілқайырова ойнады. Операда Голощекин, Ежов, Мирзоян, Күләш Байсейітова сынды тарихи тұлғалардың бейнелері Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері сомдап шығарды. «Сәкен» операсы концерттік нұсқасының премьерасында көрнекті мемлекеттік, қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімов, "ЖАҢАРУ" сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мәліс Семғалиев, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері Әбілхакім Ақмурзин, Сәкен Сейфуллиннің атындағы қоғамдық қордың төрағасы Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Алмаз Алин құрметті қонақтары болды. *** В Казахском национальном университете искусств, в рамках мероприятий, посвященных 25 летию Казахского национального университета, состоялась премьера оперы «Сәкен» (концертная постановка). Либретта Каната

Жунисова, музыка Алиби Абдинурова, дирижер – Айдар Торыбаев. Опера «Сәкен» представляет историю о государственном и общественном деятеле, поэте, писателе Сакене Сейфуллине. Произведение, основанное на исторических событиях, повествующее о нелегком пути и разнообразной судьбе поэта, воспеваает патриотизм, отвагу и гражданственность. В двухактном произведении изображены сложные периоды и исторические моменты начала XX века. День вечной памяти жертвам политического преследования, поклон духу предков, сражавшихся за нашу независимость и будущее, написанное для того, чтобы через оперный жанр представить миру наших героев. Оперу исполнили: студенческий симфонический оркестр Казахского национального университета, художественный руководитель маэстро Айдар Торыбаев; студенческий Хор Капелла, художественный руководитель и дирижер Лауреат международных конкурсов Батыржан Смаков. В ролях главных героев оперы выступили студенты 1-4 курса Казах-

кого национального университета искусств. Хормейстер – Марина Бухвалова, концертмейстер – Дана Ившина. Почетными гостями премьеры оперы «Сәкен» были государственный и общественный деятель Оралбай Әбдікәрімов, Председатель РОО «Общественное движение против коррупции «ЖАҢАРУ» Мәліс Семғалиев, Заслуженный работник Республики Казахстан Әбілхакім Ақмурзин, Президент общественного фонда имени Сәкен Сейфуллина, руководитель управления внутренней политики Акмолинской области.



ТОО «Газета «Жаңару»

Регистрационное свидетельство – №17059-Г от 19.04.2018 г.
Собственник: Общественное движение против коррупции «ЖАҢАРУ»
Издается с 2018 г.
Адрес редакции: г. Костанай, пр. Аль-Фараби, 90.

Председатель редакционного совета: Семғалиев М.З.
Редактор: Б.Жумадилин.
Корректор: А.Мусабаева.
Верстка и дизайн: С. Лютым.
Территория распространения: Республика Казахстан
Печать офсетная. Газета отпечатана в ТОО «Костанайполиграфия», г. Костанай, ул. Мауленова, 16.

Объем – 1 печатный лист, Тираж – 1000 экз.
Заказ №2515
При перепечатке ссылка на газету «Жаңару» обязательна. Мнение авторов публикаций может не совпадать с точкой зрения редакции.
Ответственность за содержание рекламы и объявлений несет рекламодатель.